

**АКАДЕМИК Ш.Е.ЕСЕНОВ - ІРІ ҒАЛЫМ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ  
МЕН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ,  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ**

**Әбжаппаров Ә.Ә.**

Биылғы жылы Қазақстан жұртшылығы академик Шаһмардан Есенұлы Есеновтің 80 жылдық мерейтойын атап өтуде.

Ш.Е.Есенов өз дәуірінің көрнекті тұлғасы болды, өзінің бүкіл саналы ғұмырын шығармашылық қуатын туған елі мен халқына арнады. Ол дарынды табиғат байлықтарын зерттеуші, ірі геолог ғалым, Қазақстан Республикасындағы геологиялық қызмет пен академиялық ғылымды талантты ұйымдастырушы, сондай-ақ ғылым әлемінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткері болды.

Оның барлық қажымас қайрат-жігері ғылымның аса қажетті өзекті мәселелерін, әсіресе халық шаруашылығы мен мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге бағытталды. Аса қуатты табиғи дарыны, ерекше тұлғасы, ішкі қасиеттері, тынымсыз еңбекқорлығы, мақсаткерлігі мен қажыр-қайраты Шаһмардан Есеновті жастығына қарамай-ақ қысқа мерзім ішінде қызмет баспалдақтарының биігіне көтеріп, халық арасында оның беделін, атағын шығарды. Ш.Е.Есенов бұрынғы КСРО бойынша 33 жасында ең жас Қазақ ССР геология және жер қойнауын қорғау министрі болып тағайындалды. 39 жасында Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болып сайланды.

Шаһмардан Есенұлы Есенов 1927 жылы 5 тамызда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Тартоғай селосында қызметкер отбасында дүниеге келген. Ол осында орта мектепті, ал 1944 жылы Қызылорда педагогикалық техникумын бітіріп, сол жылы Қазақ тау-кен институтының геология-барлау факультетіне оқуға түседі.

Институт қабырғасында Есеновтің бастамасымен, геология факультетінің деканы, белгілі педагог, танымал геолог-барлаушы Василий Петрович Гуцкевичтің қолдауымен студенттердің геологиялық үйірмесі ашылды. Оның бірінші жетекшілерінің бірі Ш.Есенов болды. Үйірме жүйелі түрде және пайдалы жұмыс істеді, студенттердің далалық жұмыстарының нәтижелері баяндалып тұрды. Оған қатысушылардың баяндамалары кейін, 1948 жылы студенттердің қалалық бірінші ғылыми конференциясында жоғары бағаланып, КСРО Жоғары білім министрлігінің сыйлықтарымен және грамоталарымен марапатталды. Бұл баяндамалардың кейбір авторлары институтты бітіргеннен кейін республикалық Ғылым академиясында аспирантураға қалдырылды.

Ш.Есеновтің белсенді студенттік жұмыстарынан келтірілген эпизодтар оның инженерлік, ғылыми және қоғамдық баспалдақтармен тез өсуіне мүмкіндік берген ұйымдастырушылық таланты пен бастамашылдығының оның бойына жас кезінен біткен қабілет екенін танытады.

Есеновтің студенттік белсенді іскерлігі мен ұйымдастырушылық талантын академик Қ.Сәтбаев байқап, кейін оның тәлімгері болады. 1949 жылы институтты бітіргеннен кейін жас тау-кен инженер-геологын сол кездегі одақ бойынша ғана емес, дүние жүзіндегі ірі мыс кен орындарының қорын нақтылап, негіздемесін жасаумен айналысу үшін Жезқазған облысына жібереді.

Ш.Есенов Жезқазғанда он бір жыл қызмет істейді. Бұл уақыт ішінде ол қатардағы отряд геологынан сол кездегі Қазақстан ғана емес, бүкіл одақ бойынша ең ірі геологиялық-барлау экспедициялық кешенінің бас геологы және бас инженеріне дейінгі жолдан өтеді. Осы жылдары ол Жезқазғанның болжамды кен қорын негіздеп, қорғау үшін Мәскеуге іс-сапармен барады. Кейін оны көргендер: «Жаңа қорларды қорғап сөйлеу үшін мінбеге керзі етік, шалбар киген жас жігіт шықты», - деп еске алады.

Ш.Есеновті Жезқазғанның жаңа қорларын негіздеу үшін Мәскеуге іссапарға жібергенде ол 26 жаста еді. Көп жылдар бойы Ш.Есенұлы Үлкен Жезқазғанды түрлі-түсті индустрияның қуатты шикізат базасына айналдыру үшін еңбектенді. Ол кенші-металлургтармен бірге Жезқазған таукен-металлургия комбинатын жасаудың бастамашысы болды, бұл кәсіпорын қазір «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС деген атаумен өзінің потенциалды қуатын республика ғана емес, бүкіл әлемге әйгілеп отыр.

Шаһмардан Есенов екі мәрте, барлығы жеті жыл республика геология министрлігін басқарды. Бұл лауазымда Ш.Есеновтің геологияның өзекті мәселелерін шешуде, іздестіру және барлау жұмыстарында, теориялық жинақтау мен болжаудың тиімді бағыттарын таңдауда ұйымдастырушылық қабілеті мен жоғары біліктілігі жарқырай көрінді. Осы қасиеттерінің және мақсаткерлігі мен табандылығының арқасында Қазақстанда көптеген кен орындарының ашылуына үлес қосты. Соның ішінде, мұнай мен газды іздестіру жұмыстарының дұрыс бағыттылығы қысқа мерзім ішінде Оңтүстік Маңғышлақта бірегей мұнай және газ кен орындарын ашуға мүмкіндік берді. Қазір Жетібай, Өзен, Қаламқас, Қаражамбас, Солтүстік Бозашы, Кеңқияқ, т.б. мұнай кен орындары бүкіл әлемге белгілі. Бұл кен орындарынан мұнай өндіру Қазақстан экономикасының дағдарыс жылдарында да, қазір де барған сайын өсіп отырған кірісін қамтамасыз етіп, экономиканың қарыштап өсуі мен халықтың тұрмысының жақсаруын қамтамасыз етуде.

Шаһмардан Есеновтың Маңғыстау мұнайын ашуда, оны халық игілігіне пайдалануға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мұнайды іске жаратудың қаншама қиын екенін мұнай мамандары жақсы біледі. Осы бір өте күрделі жұмысқа Шаһаң білекті сыбанып кірісті және асқан қажыр-қайрат көрсетті.

Содан, бір жыл ішінде түбектің қара алтыны әр тұстан фонтандап атқылай бастады. Шаһаң төрт-бес мұнайшы поселкесін және мұнайшылар қаласын салуға қаржы әрі рұқсат алуға жан-тәнімен кірісті. Бұған қоса мұнай құбырын тартып және темір жол құрылысын бастау керек болды. Ал Москвадағы мықтылар: «Шевченкодан (бүгінгі Ақтау) басқа қала құрылысын жүргізуге қаржы жоқ» - деп, рұқсат бермеді. Міне, осы кезде Шаһмарданның қажыр-қайраты, жан-жақты білімі мен іскерлігі жарқырай көрінді. КСРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасы Байбаковты шақырып, Маңғыстау мұнайы мен газының болашағын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Москвадағы геология министрінің алдына ғасыр проблемасын қойып, тырп еткізбеді. Сөйтіп, Жетібай жұмысшы поселкесінің құрылысы жолға қойылды. Жаңа-Өзен қаласының құрылысы жоспарланды.

Бірде Н.С.Хрущев Түркменияға барған сапарында үлкен жиын ашып: «Маңғыстау мұнайын Түркімен мен Азербайжанға бөліп беру керек, солар басқарсын, мамандары жеткілікті, техникалары дайын», дегендей сөз айтыпты.

Осы кезде Шаһаң ел басшылығының алдына тіке шығып, Москваға қайта-қайта барып аса белсенділік, әрі үлкен азаматтық көрсетті. Алматыдағы политехника институтының мұнай факультетін кеңейттіріп, бірден 250 шәкірт қабылдады. Әзірлік курсына 100 шәкірт қабылданды. Жер-жерден жоғары оқу орнында оқып жүрген қазақстандық студенттермен (мұнай-газ, тау-кен факультетінде) хабарласып, олардың тізімін алып, жағдай жасады. Кейін Қарашығанақ, Қашаған кен орындары ашылып, мұнай-газ саласын егемен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының локомотивіне айналдырды. Ш.Есенов пен оның әріптес геологтары ашқан жаңалықтардың бүгінгі күнге дейін маңызының артып отырғанын осыдан да көруге болады. Жетібай мен Өзен кен орындарын барлауға тікелей қатысып, жетекшілік еткені үшін Ш.Есеновке өзге әріптестерімен бірге Лениндік сыйлық берілді.

Успенск кен белдеуіндегі ірі геологиялық-металлогендік зерттеулері үшін Ш.Есенов пен бірнеше әріптестері 1973 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Сол жылы Ш.Есенов пен академик А.Каюповтың бастамасымен Қазақстанның бүкіл территориясындағы болжамдық-металлогендік жұмыстардың картасын жасау қолға алынып, ол 10 жылдан кейін «Металлогения Казахстана» деген атпен он бір сериялы болып басылып шықты. Осы жұмысы үшін құрастырушылар 1985 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Геология Министрлігі осы жылдары Қазақстанның шикізаттық тәуелділігін қамтамасыз етті, оны әлемнің қазыналы аймағына айналдырды деп сеніммен айтуға болады. Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің ХХ ғасырдың 90-жылдары жасаған бағалауынша, республикада алынатын пайдалы қазбалардың жылдық бағасы 3,8 триллион американ долларына жетуі мүмкін, ал жобаланғандарымен бірге - барлығы 11 триллион американ долларына жетеді, бұл әлемдегі ірі мұнай кен орны Қашағанды, одан да кем емес Қарашығанақты қоспағандағы жағдай, бұлар кейін ашылды және олар жоғарыдағы цифрды одан да зорайтып, Қазақстанда әлемдегі ірі он мұнай алпауыттарының қатарына қосады. Ендігі ең маңыздысы сол - елдің байлығын тиімді, әрі ақылға қонымды етіп пайдаланып, Қазақстан халқы мен оның болашақ ұрпақтарының игілігіне айналдыру.

Геология министрі, кейін ҚазССР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары бола жүріп, ол мемлекет қайраткерінің тәжірибесін жинақтады, жұртшылыққа кең танымал болды. Мұнда да оған академияны құрған және 15 жыл бойы оны басқарған ұстазы Қ.Сәтбаевтың жолымен жүруге тура келді.

Шаһаң Ғылым академиясына президент болып сайланғанда да ғалымдарға жағдай жасауға белсене араласты, оны ғалымдар қауымының бәрі жақсы біледі.

Ғылым академиясында жұмыс істеген жылдар, шын мәнінде, Ш.Есенов өмірінің ең бір өнімді де қарқынды, шығармашылық пен ғылыми әлеуетін жұмылдырған жарқын кезеңі болды. Ол мұнда нағыз күш-қайраты мол, шығармашылық жоспары толысқан, қазақстан ғылымын биікке көтеруге батыл бағыт ұстанған шағында келген болатын. Бұл жылдары ол әлемдік деңгейдегі іргелі зерттеулерді жүргізу, ғылым жаңалықтарын Қазақстан өндірісі мен экономикасының қажеттігіне бағыттау, ғылымға талантты жастардың келуіне жағдай жасау сияқты көкейкесті салаларға жете көңіл бөлді. Ғылым

академиясында істеген жеті жылдың ішінде Ш.Есенов көптеген маңызды шығармашылық жоспарларды жүзеге асырды.

Ол бәрінен бұрын іргелі зерттеулерге, олардың өзекті бағыттарына баса назар аударды. Ол ашқан ионосфера, жоғары энергия физикасы институттары, техникалық қана емес, гуманитарлық салада жұмыс істейтін институттардағы бірнеше жаңа лабораториялар осы мақсатты көздеді. Оның мақсаты ақталды да, өйткені, іргелі ғылымдар - халық мәдениетінің қомақты бөлігі, ұлттың өркениет деңгейінің көрсеткіші. Бейнелеп айтсақ, ол – қоғамдық құрылымда да, техника мен технологияда да халықтың көзі мен құлағы. Іргелі ғылымдардың деңгейі ұлттың әлемдік қауымдастықта интеграциялану қабілеттілігін анықтайды. Іргелі ғылымдар ғана отандық ортадағы дүниеге, табиғатқа, келешекке прогрессивті көзқарастар қалыптастырудың алғышарттарын жасайды. Отанға қашан да іргелі ой-санадағы ғалымдар даңқ әкелген. Іргелі ғылымдар - бұл негіз, тірек, іргетас, онсыз алдыңғы қатарлы ғылыми-техникалық қолданбалы талдамалар алу мүмкін емес.

Осының бәрін жақсы түсінген Ш.Есенов іргелі ғылымдардың дамуына жаңа импульс берді. Өкінішке орай, жаңа қайта құру кезеңінде Қазақстан ғылымының бұл саласын дамытудың қажеттілігіне күдік келтірушілер де табылды. Бұл көзқарас түбірімен қате. Біз Қазақстан секілді республикадағы әлеуметтік-экономикалық процесс тек ұлттық фундаментальдық ғылымдар жетістіктерін басым пайдалану жағдайында ғана мүмкін болады деп есептейміз. Басқа мемлекеттердің ғылым жетістіктеріне біржақты бағдарлану өз интеллектуальдық потенциалымызды тұншықтырумен бірдей болмақ. Іргелі ғылымдарды дамыта отырып, біз НИОКР мен жоғары технологиялардың жекелеген салаларында болса да, жетекші позициялар мен бағыттарын жеңіп алуға нақты бағдар жасадық. Бұл - біздің халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық сферасына енуіміздің маңызды алғы шарты. Президент Н.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында ғылымды қаржыландыруды болашақта 25 есе, ал алдағы жылдарда үш есе көбейеді айта отырып, отандық ғылымды дамыту қажеттігін бірнеше рет атап өтті.

Ш.Есеновтің ұдайы назар аударған тағы бір саласы - ғылым мен өндірістің тығыз байланыста болуына жағдайды қамтамасыз ету болды. Елдің өндірістік күштерінің дамуына ғылымның қызмет етуі - бұл сәтбаевтық дәстүр. Қаныш Имантайұлының өз ғалым-әріптестерімен республикамыздың көптеген аймағында индустрия мен экономиканың проблемаларын жақсы шешкенін біз тарихтан жақсы білеміз. Осы жарқын дәстүрді Ш.Есенов те жалғастырды.

Шаһаңның тағы бір қасиеті жастарға өте көңіл бөліп, өзімен тең дәрежеде сөйлесетін. Әрдайым қолдан келсе жақсылық жасауға тырысу керек, жастар біздің келешегіміз деп отыратын.

Ш.Есенов академияның ғылыми кадрларының қалыптасуына, әсіресе жастармен толығуына зор үлес қосты. 1967 жылы академия жас ғалымдардың жиналысын өткізіп, онда президент егжей-тегжейлі баяндама жасады. 1968 жылы академияның жас ғалымдарының 600 адам қатысқан бірінші конференциясы болды. Одан кейін ол жыл сайын жас ғалымдардың конференциясын өткізіп тұруды тәжірибеге ендіріп, ғылыми өсу мен публикациялар жариялау проблемасын шешті. Нәтижесінде Ш.Есенов президент болған жеті жылда академияның ғылыми кадрларының саны

жастардың есебінен 1,5 есеге өсті. Ол ғылыми элитаның өсуін ұдайы назарда ұстады. Мәселен, 1990 жылы жұмыс істеп жатқан академияның толық мүшелерінің (академиктер) жартысына жуығы Ш.Есеновтің президенттігі кезінде академия құрамына сайланғандар болды.

Ш.Есеновтің көп уақытын академия президенттігі мен Қ.Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтының директорлығы алса да, ол геология және жер қойнауын барлау проблемаларын теориялық зерттеумен терең айналысуға да уақыт тапты. Ол былай деуші еді: «Менің жанымның туы - қазақстан, менің жанымның әні - геология». Ол жасақтаған пайдалы қазбалар кен орындарын іздестіру мен барлау әдістемесі оның кандидаттық диссертацияның негізіне алынды. Ол жетекшілік еткен және қорытындысында Қазақстанның жер қыртысындағы пайдалы қазбалардың орналасу заңдылықтары туралы өз пайымдауын жасаған Жезқазған мен Жыланды кен орындары тобының қорларын басты бағалау нәтижелерінің ғылыми жинақталымы оның докторлық диссертациясының негізін құрады. Ол академияда медаллогения бойынша ғылыми мектептің негізін салды. Оның «Недра Казахстана», «Тектоника и нефтегазоносность Мангышлака» т.б. монографиялары республиканың баға жетпес ғылыми қорына қосылды.

Ғылымның гүлденуі, экономиканың дамуы үшін тынымсыз еңбек, белсенді қоғамдық қызмет оны ұлттық деңгейдегі қайраткер етіп қалыптастырды. Оның араласқан ортасы да ауқымды болды, тек ғалым геологтар ғана емес, жазушылар да, даңқты еңбек ардагерлері де онымен тығыз байланыста болды. Қазақстанның белгілі тұлғалары: Әбділда Тәжібаев, Әзілхан Нұршайықов, А.Қасымжанов, Досмұхамбет Кішібеков, Ахмет Ержанұлылар кейін өздері араласқан осы бір халықтың тамаша ұлы туралы терең тебіреністерге толы естеліктер жазды.

Ол Орта Азия халықтарының рухани мәдениетін, олардың ортақ мұрасы мен әлемдік мәдениетке қосқан үлесін объективті, толыққанды пайымдау туралы идеяны ұсына білді. Бұл оның алысқа, келешекке көрегендікпен қарағанын айғақтайды. Оның тікелей араласуымен халқымызға әл-Фарабидің есімі мен шығармашылық мұрасы қайта оралды. Белгілі философ А.Қасымжанов былайша еске алады: «Ол (Есенов) әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына арналған халықаралық конференцияны ұйымдастыруға көп күш салды. Мұндай шараны өткізу оңай емес еді. Е.Бекмахановтың басынан өткендей, мұның бәрі «ұлтшылдық», «өткенді аңсау» ретінде бағалануы әбден мүмкін болатын. Тек Ш.Есеновтің табандылығы мен Бабоджан Гафуровтың арқасында конференция үш жерде (Москва, Алматы, Бағдат) өткізіліп, әлемдік деңгейдегі мәдени оқиға болды».

Министрлікке оралған Шаһаң сол баяғы құлашын кеңге сермеп, үлкен шабытпен іске кірісті деп айту сол күндердің шындығына сыйыса қоймайтын тірлік болғаны белгілі. Дей тұрғанмен жұмысқа, жауапкершілікке жеңіл-желпі қарап үйренбеген Шаһаң байыпты, байсалды жүріс-тұрысынан жаңылмағандай. Нақты мысалға жүгінейік. 1974 жылдың жаз айларында Қазақ Республикасының Госплан төрағасы К.Кетебаев, геология министрі Ш.Есенов Маңғышлақ облысында арнайы жол сапарда болды. Келісімге сәйкес Кеңестер Одағының Госплан төрағасы Байбаков К.К. Маңғышлақ аймағындағы мұнай кеніштерін қарқынды дамыту қажеттілігі мен мүмкіндігін зерттеуге, қаржы

көздерін тиянақтауға шақырылады. К.К.Байбақов мырза кешегі Кеңестер Одағы басшыларының ішіндегі ұзақ жылдар мемлекеттік жоспарлау комитетін басқарған өте үлкен лауазым иесі болумен бірге кәсіби мамандығы білікті мұнайшы болғаны белгілі. Ірі ғалым, жоспарлау жұмысының көрнекті майталманы, ел басшыларының бірі Байбақов Шаһмардан Есенұлының жер қойнауы байлықтарын, мұнай кеніштерін, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағы, әлем елдерінің ерекшеліктері жайлы білім деңгейіне, ойлау, болжау, тұжырымдау, болашақты айшықтай білуіне, мәдениеті мен үлкен парасаттылығына зор ілтипатпен қарап, кездесіп сұқбаттасқандарына ризашылығын білдіреді.

Шаһаңның өмірі ылғи көктем мен жаз болған жоқ, оның жүйкеге тиіп басты ауыртатын, жанын жаралап, жүрегін соқтыратын күз бен қысы да болды. Бірақ ол мойымады, күрсінбеді. «Қызмет – қолдың кірі, ең бастысы адамдық қалыпты сақтау керек» дегенді жиі айтты. Ешкімге шағынбады, аяғымен барып, жоғарыдағыларға өкпе-наз айтпады.

1978-1991 жылдар аралығында мен Шаһмардан Есенов ағамызбен Қазақ политехникалық институтында қызметтес болып, көп ақыл кеңесін тыңдадым.

Жоғарғы оқу орнында өткен жылдар да Шаһаң үшін жеміссіз болған жоқ. Өмір тәжірибесін ортаға салды. Оқу-тәрбие барысын, кен барлау жер қойнауы қазыналарын, қазба байлықтарды үнемді, тиімді пайдалану жолдарымен тығыз байланыстыруға күш салды. Оқу, практика ұйымдастыру тәсілдерін жаңа әдістемелермен жетілдіре түсті. Институт тарихында алғашқылардың бірі болып электронды есептеу мәшинесін (ЭВМ) ендірді, компьютерлерді пайдалану жолға қойылды. Геолог мамандығын терең игеру үшін іздеу-зерттеу экспедициялары жанынан кафедра бөлімшелері ашылды. Мемлекеттік және шаруашылық келісімдерге сай, қаржы көздермен кафедра ғалымдары, жоғарғы курс студенттері кенді Алтай, Кентау, Батыс Сібір, Қиыр Шығыстың іздеу, зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге, жинақталған ғылыми жаңалықтарды өндіріске ендіруге ден қойды. Бұл, оқу, мамандық алу, түрлі практикалық істерде нақты өндірісте, барлау топтарында іске асырылған кешенді іс-әрекеттер біртұтас тірлік болып әрбір студенттің ертеңгі мамандығына, өмір жолына үлкен сеніммен, үмітпен қанаттанып кірісуіне көп көмегін тигізді.

Әсіресе, кафедра жанынан ұйымдастырылған екі лабораторияның маңызы айтарлықтай болды. Соның бірі жер қойнауын бұрғылау скважиналарының жұмысын телефотогеологиялық зерттеуді қамтамасыз ететін лаборатория - сол кездің ірі жаңалықтарына айналды. Бертін келе лаборатория СССР және Қазақстан геология министірлігі бойынша одақ көлеміндегі сондай аппаратты шығаратын бірден-бір орынға айналды. Екінші – полинологиялық анализ лабораториясы Оңтүстік Торғай, Арал өңірінде мұнай және газ кеніштерін іздестіруге, табуға байланысты таптырмайтын аса маңызды істер атқарды.

Кафедра меңгерушісі ретінде факультет студенттеріне Одақ, республика көлемінде белгілі ғұлама ғалымдардың лекция оқуына жағдай жасады. Айталық, Свердлов тау-кен институтының профессоры, ғылым докторы В.А.Прокиннің, қазақ ғылым академиясының Қ.И.Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтының профессорлары Е.И.Паталаха, Қ.А.Абдрахманов, А.А.Абдуллин, Б.С.Зейлик мырзалардың металлогения,

қазбалы байлықтардың іздеу, зерттеудің жаңа әдістері туралы құнды лекция – курстарын оқуын ұйымдастырды. Бұл, әрине студент жастар үшін үлкен жаңалық, білімдерін байыта түсуге зор мүмкіншілік туғызғаны хақ. Ұстаздық қызметте де Шаһаңның кең ауқымда ойлап, шешіп, қол жеткенге тоқмейілсімейтін қасиеттерінің жарқын бейнесі болғаны рас. Шын мәнісінде солай болды да.

Аталмыш конференция зиялы қауымның басын қосып, болашақ мамандарға тағылымды тәрбие, толымды кеңес беру үшін өткізіліп отыр. Азаматтың аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді – деген сөз бар халқымызда. Шаһмардан Есеновтің есімі мен еңбегі ел есінде, тарихта, ғылымда қалды. Оның халқына қалтқысыз қызмет ету үлгісі болашақ талай ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.